

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ЖОҒАРҒЫ ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ БІЛІМ МИНИСТРЛІГІ

SATBAYEV UNIVERSITY

6D051800 Жобаларды басқару білім беру бағдарламасының докторанты Алашбаева Нурсулу Муханбетовнаның «Компанияның ресурстық дамуының инвестициялық жобаларын басқару әдістері («ҚТЖ» ҰК» АҚ мысалында)» тақырыбында Философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін дайындаған диссертациясына берілген

ПІКІР

Докторанттың диссертациялық жұмысы көлемі жағынан 158 беттен тұрады және ғылыми еңбектерге қойылатын негізгі құрылымдық талаптарға сәйкес дайындалған. Жұмыс кіріспеден, үш мазмұнды тараудан, қорытындыдан, қолданылған әдебиеттер тізімі мен қосымшалардан тұрады.

Зерттеу тақырыбының өзектілігі. Диссертациялық жұмыстың өзектілігі қазіргі Қазақстандағы өндірістік және инфрақұрылымдық кәсіпорындардың қызметінде жобалық басқару тәжірибесінің жеткілікті деңгейде дамымаумен және отандық компанияларда шетелдік әдістемелерді бейімдеудің күрделілігімен түсіндіріледі. Әсіресе, корпоративтік мәдениет пен басқару менталитетінің ерекшеліктеріне байланысты жобалық әдістерді енгізу мәселесі арнайы ғылыми ізденісті талап етеді. Осы тұрғыдан алғанда, жұмыстың тақырыбы Қазақстан жағдайына сай және тәжірибелік құндылығы жоғары.

Зерттеудің ғылыми жаңалығы. Автор теориялық тұрғыдан жобалық басқарудың эволюциясын саралап, Agile әдістемесінің қағидаларын нақтыладап көрсеткен. Диссертацияда жобаларды басқарудың жылдам әрі икемді әдістерін қолдану арқылы инвестициялық жобаларды ресурстық даму контекстінде тиімді іске асыруға болатындығы дәлелденген. Сонымен қатар:

- инвестициялық жобаларды басқарудың жобалық технологиясына авторлық анықтама берілген;
- инвестициялық менеджменттегі нақты инвестициялар мен ресурстық даму көрсеткіштері арасындағы байланыс айқындалған;
- Agile әдістемесі мен білімді басқару жүйесіне негізделген жетілдірілген интеграцияланған модель ұсынылған.

Зерттеу әдістері. Жұмыста қолданылған ғылыми әдістер кешені кең ауқымды: қаржы-шаруашылық қызмет көрсеткіштерін графикалық талдау, WBS (Work Breakdown Structure) әдісі, салыстырмалы талдау, бақылау және статистикалық деректерді өндеу тәсілдері. Сондай-ақ, инвестициялық жобалардың тиімділігін бағалау әдістері де кешенді түрде пайдаланылған. Бұл диссертациялық жұмыстың нәтижелерін ғылыми негіздеуге және тәжірибелік ұсыныстардың нақтылығын қамтамасыз етуге мүмкіндік береді.

Практикалық құндылығы. Жұмыста жасалған тұжырымдар мен ұсыныстар «ҚТЖ» ҰК» АҚ қызметіне тікелей енгізуге болады. Сонымен қатар, бұл зерттеу нәтижелері көлік және логистика саласындағы басқа да компанияларға пайдалы бола алады. Жұмыстың теориялық қоры жоғары оқу орындарының білім беру процесінде, әсіреке «Жобаларды басқару», «Инвестициялық жобаларды басқару» пәндерін оқытуда қолдануға жарамды.

Ғылыми нәтижелердің апробациясы. Диссертациялық жұмыстың негізгі нәтижелері халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференцияларда баяндалып, талқыланған, бұл зерттеу тақырыбының өзектілігі мен ғылыми қоғамдастық тарапынан сұранысқа ие екенін көрсетеді.

Қорытынды. Жалпы алғанда, Алашбаева Нурсулу Муханбетовнаның «Компанияның ресурстық дамуының инвестициялық жобаларын басқару әдістері («ҚТЖ» ҰК» АҚ мысалында)» тақырыбындағы диссертациялық жұмысы ғылыми тұрғыдан терең, теориялық және тәжірибелік нәтижелерімен құнды еңбек болып табылады. Жұмыс 6D051800 – «Жобаларды басқару» мамандығының паспортына және философия докторы (PhD) ғылыми дәрежесін алу үшін қойылатын талаптарға толық сәйкес келеді, осыған байланысты, диссертация қорғауға ұсынылады

Ғылыми жетекші:

Esil university

«Ғылыми жұмыс және интернационалдандыру»

жөніндегі проректор,

э.ғ.д., профессор

Турекулова Д.М.

